



«Бекітемін»
№56 ЖОББМ директоры:
Наримбетова Г.М.



«Жауқазын» жас тілшілер медиа клубы

Жетекшісі: Жалғас Айдана Андрейқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

«Жауқазын» жас тілшілер үйірмесі 5-10 сынып оқушыларына арналған қоғамдық үйірме. Үйірме жұмысы аптасына 1сағат, 34 сағатқа негізделген.

Бұл үйірме оқушылардың рухани дүниесін кеңейтіп, ақыл-ойларын, ұлттық сана-сезімдерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар ауызекі және жазба тілде еркін әрі байланыстырып сөйлеулерін, сөздік қорларын арттырады.

Үйірмеде оқушыларға берілген мәтіндерді, өлеңдерді өз қиялдарымен аяқтау, жергілікті және қазақ ақын- жазушыларының шығармаларымен танысу, сюжетті суреттер бойынша әңгіме, өлең, ертегі құрастыру, табиғат құбылыстарына, заттарға жұмбақтар өкұрастыру, ұйқас бойынша өлең құрастыру, шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру,рөлге бөліп оқу және ойнау,түрлі логикалық сөзжұмбақтар мен анаграммалар,сөзжұмбақтар құрастыру және шешу, әдеби терминдермен танысу т.б. жұмыс түрлері ұсынылады.

Мақсаты:

- оқушылардың рухани дүниесін кеңейту, ұлттық сана-сезімін ояту. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, мерейін асқақтату жолында нәтижелі жұмыстар жасау.
- Іскерлік және шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Міндеттері:

- қазақ тілі мен әдебиеті пәніне ерекше бейімі бар оқушылардың эсселерін, өлеңдерін, мақалаларын іріктеп, басылымдарға беру;
- Үздік өлеңдер мен эсселерді іріктеп, мектеп газетіне шығару, жинаққа шығару;
- Оқушыларды шығармашылық қабілеттерін арттыру;

Күтілетін нәтиже:

1. пәнге қызығушылықтары артады.
- 2.оқу шапшаңдықтары, шығармашылық қабілеттері артады.
- 3.білім, білік дағдылары дамиды.
4. сөздік қорлары артады.
5. оқушылар шығармашылығы аудандық, облыстық баспасөз беттеріне ұсынылады.

Үйірменің уақыты: әр аптаның дүйсенбі күні 11.00-12.00

№	Жұмыстың мазмұны	түрі	күні	уақыты
1	Үйірменің мақсаты мен міндеттерін таныстыру	таныстырылым	1	6.09.
2	Халық ауыз әдебиеті туралы	түсіндіру	1	13
3	Әдеби терминдермен танысу	ізденіс	1	20
4	«Отбасым-менің жылы ұям»ойтолғау жазу	Шығармашылық	1	27
5	«Қалдырған ізін мәңгілік...» эссе жазу	Шығармашылық	1	4.10.
6	«Ұйқасын тап» ойыны	Ойын	1	11
7	Ұйқас. Ұйқас түрлері.	Түсіндіру	1	18
8	«Жас қалам» қолжазба журнал шығару №1	Шығармашылық	1	25
9	Табиғат тылсымдары. Табиғат құбылыстарын жұмбақтау	Ізденіс	1	8.11.
10	Еркін тақырыпта әңгіме не өлең жазу	Ізденіс	1	15
11	Өтірік өлеңдер құрастыру	Ізденіс	1	22
12	«Менің Президентім»-эссе жазу, арнау өлеңдер	шығармашылық	1	29
13	Өңір ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқу, талдау.	Поэзия сағаты	1	6.12.
14	«Туған жерім-шабытытымның көзісің!»	Үйірмеішілік сайыс	1	13
15	«Ұшқыр ой» сөзжұмбақтар, анаграммалар құру	шығармашылық	1	20
16	«Қош келдің, Жаңа жыл»	Тілектер топтамасын құру	1	27
17	«Жас қалам» қолжазба журнал шығару №2	шығармашылық	1	10.01.
18	«Табиғат- біздің анамыз»	Ізденіс	1	17
19	«Егер мен ақын болсам...» , «Егер мен жазушы болсам...»	дебат	1	24
20	Тірек сөздермен өлең құру.	Шығармашылық	1	31
21	Айтыс туралы не білеміз?	Түсінік	1	7.02.
22	Ұл мен қыз айтысы . Қайым айтыс	шығармашылық	1	14
23	«Наурызым-жыл басы»	Іздену	1	21
24	«Менің әдемі қиялым» өз ойларын түсіру	шығармашылық	1	28
25	«Асыл жанға арналсын жырдан шашу..»	Меркелік құттықтаулар	1	7.03
26	«Жас қалам» қолжазба журнал шығару №3	Шығармашылық	1	14
27	«Ару көктем, жыр көктем»...	Ізденіс	1	4.04.

28	Еркін тақырыппен жұмыс	Шығармашылық	1	11
29	Ертегі әлемінде. Ойдан ертегі құрастыру	шығармашылық	1	18
30	«Мен өскенде кім болам?»- шығарма	шығармашылық	1	25
31	Жергілікті ақындар өлеңін мәнерлеп оқу	Сайыс	1	2.05.
32	«Менің түсім»-қиял-ғажайып әңгіме жазуға машықтану	шығармашылық	1	2
33	«Жас қалам» қолжазба журнал шығару №4	шығармашылық	1	16
34	«Нем үйрендім? Не білдім?»	Қорытынды сабақ	1	23

«Жауқазын» жас тілшілер клубының мүшелері

№	Аты - жөны	Класы
1	Әбдікәрім Айкен	9 «Б»
2	Нұрмағамбет Еркеназ	9 «Б»
3	Құлбек Шаткүнім	9 «Д»
4	Қамза Жайнар	9 «Г»
5	Серік Сезім	5 «Ә»
6	Наурызғали Жансерік	5 «Ә»
7	Наурызғали Жансая	5 «Ә»
8	Ахметжан Айтгүл	5 «Ә»
9	Қален Айзия	5 «Ә»
10	Кенжеғали Ерасыл	5 «Ә»
11	Мұсақызы Еркеназ	5 «Ә»
12	Майкараева Алия	5 «Ә»
13	Қайназар Мұхаммед-Хусайн	5 «Ә»
14	Еркін Ибрахим	5 «Ә»
15	Ерлан Сезім	5 «Ә»

Жетекшісі: Жалғас Айдана Андрейқызы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



«Жауқазын» жас тілшілер медиа клубының 2024-2025
оқу жылында жүргізілген жұмыстарына
АНЫҚТАМА

Клуб жетекшісі: Жалғас Айдана Андрейқызы

Мақсаты:

- оқушылардың рухани дүниесін кеңейту, ұлттық сана-сезімін ояту. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, мерейін асқақтату жолында нәтижелі жұмыстар жасау.
- Іскерлік және шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Міндеттері:

- қазақ тілі мен әдебиеті пәніне ерекше бейімі бар оқушылардың эсселерін, өлеңдерін, мақалаларын іріктеп, басылымдарға беру;
- Үздік өлеңдер мен эсселерді іріктеп, мектеп газетіне шығару, жинаққа шығару;
- Оқушыларды шығармашылық қабілеттерін арттыру;

<i>Жылдық сағат саны</i>	<i>Айлық сағат саны</i>	<i>Апталық сағат саны</i>	<i>Апта күндері</i>
			<i>Сәрсенбі 13.00-14.00</i>
34	4	1	1

«Жауқазын» жас тілшілер клубының мүшелері

№	Аты - жөні	Класы
1	Әбдікәрім Айкен	9 «Б»
2	Нұрмағамбет Еркеназ	9 «Б»
3	Құлбек Шаткүнім	9 «Д»
4	Қамза Жайнар	9 «Г»
5	Серік Сезім	5 «Ә»
6	Наурызғали Жансерік	5 «Ә»
7	Наурызғали Жансая	5 «Ә»
8	Ахметжан Айтгүл	5 «Ә»
9	Қален Айзия	5 «Ә»
10	Кенжеғали Ерасыл	5 «Ә»
11	Мұсақызы Еркеназ	5 «Ә»
12	Майкараева Алия	5 «Ә»
13	Қайназар Мұхаммед-Хусайн	5 «Ә»
14	Еркін Ибрахим	5 «Ә»
15	Ерлан Сезім	5 «Ә»

Жарияланым: «Жауқазын» жас тілшілер медиа клубының өткізген іс-шаралары мектебіміздің инстаграм парақшасына салынды.

Сілтемелер:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту және қазақ әдебиетіне деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында мектебімізде “Жауқазын” клубы жұмыс жасап келеді. Клуб жетекшісі: Жалғас Айдана Андрейқызы

#АқтөбеҚысқыДемалыс2025

@aqtobe_bilim_bolimi

@aqtobe_bilim_basqarmasy

<https://www.instagram.com/reel/DEYBhH4swyI/?igsh=a2JocGM5YWhyZXEW>

Жас жеткіншектердің рухани дүниесін кеңейту, ана тіліміздің, әдебиетіміздің мәртебесін көтеріп, мерейін асқақтату мақсатында мектебімізде «Жауқазын» клубы жұмыс жасап жатыр. Клуб жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жалғас Айдана Андрейқызы шығармашыл оқушылардың басын қосып, түрлі танымдық іс-шаралар өткізіп келеді. Бүгінгі отырыста 5-сынып оқушылары М. Әуезовтің “Жетім” әңгімесін оқып, талқылап, әңгімені өз көзқарастарымен аяқтап жазды. Сонымен қатар, эссе жазудың алғышарттарымен танысты.

<https://www.instagram.com/reel/DBNZnMWocp1/?igsh=MWV1dzAxeDlhZGVwZQ==>

Мектебімізде 11 қазан күні “Адал ұрпақ” клубының жетекшілері Ш.Н. Балбосынова, А.С. Шинтемирова және “Жауқазын” клубының жетекшісі А.А. Жалғас ұйымдастыруымен “Жемқорлыққа жол жоқ!” атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге “Бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа орталық” республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облысы бойынша филиалының басшысы Мустафина Асель Сагинғалиевна қатысып оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде ақпараттармен бөлісті.

<https://www.instagram.com/reel/DA-viS3Mo-3/?igsh=MTRleWgwYmVyOXlyZQ==>

Сөздің құнын да, мәнін де айрықша түсіне білген ата-бабаларымыз сөз өнерін ұлттық тәрбиенің басты құралы ете білген. Жас буынды ұлттық әдебиетіміздің дәстүрлі мұрасымен сусындату мақсатында шығармашыл оқушылардың басын қосқан “Жауқазын” клубы өз жұмысын бастады.

<https://www.instagram.com/reel/DA8lca5szjW/?igsh=MTN3NDY0OTk5ZjVkdw==>

2024-2025 оқу жылының дарынды оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша “Өтірік біздің басымызда” атты іс-шара өткізілді. “OYLA” журналын негізге ала отырып, оқушыларды сыни ойлауға жетелейтін тапсырмалар мен қызықты мәліметтер айтылды.

https://www.instagram.com/p/DCG76h4Mv_b/?igsh=MW1jdWtia2N2YjZudg==

Ағымдағы жылдың 6 желтоқсанында мектебіміздің 10 жылдығына, ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Біртұтас тәрбие» жобасы аясында Өлкеміздегі халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген ҚР Құрметті азаматы, Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі ақын - журналист, сазгер, 2023 жылғы Жаңа Қазақстанның “Жыл Адамы” Аймаханова Гүлсамал Төрединқызымен мектеп кітапханашылары «Жыр гүлін аялаған-нәзік ақын» атты сыр сұхбат ұйымдастырды.

Мақсаты: қаламгеріміздің өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, өнегелі өмір жолдарын өскелең ұрпаққа өнеге тұтып, жастардың кітап оқуға құлшынысын арттыру.

Шарада «Жауқазын» шығармашыл клубының жас ақындары өздерінің жүректерінен туындаған өлеңдерін оқып, «Көкемарал» жыр кітабынан үзінділерді нақышына келтіріп айтып берді.

Өлеңімен өмірді гүлдендеріп, рухты биіктетіп, жан дүниені сұлулыққа малындырар осындай ақындар шығармашылығы қай уақытта да керек-ақ. Адамгершілік, ізгілік атаулыға тәрбиелейтін Шалқардың төл перзенті Гүлсамал Аймаханованың поэзиясын іздейтін оқырманы, ел жұрты бар екенін бүгінгі шара соның бір дәлелі десек те болады.

Ұйымдастырушылар: Мектеп кітапханашылары

«Жауқазын» шығармашыл клубы. “Volonter Men” еріктілер клубы.

<https://www.instagram.com/reel/DDPBeggsVAn/?igsh=MXVqNmN0ZjZjaTdreA==>

Артықшылығы: Жас тілшілер тілшілік өнердің қыр-сырына үйренеді.

Кемшіліктері: Оқушылар шығармашылығын дамыту үшін жан-жақты болып, түрлі саладан хабардар болып отыруы керек. Өлең шығарып, сауатты мақала жазу үшін көп әдеби

кітаптар оқу маңызды. Осы тұрғыдан көп балалар әдеби кітаптарды оқуға зауқы болмай жатады.

Қорытынды: «Жауқазын» жас тілшілер медиа клубы жас жеткіншектің шығармашылығы мен таудай талабын дамытуға бағытталған үйірме.

Анықтама беруші: Жалғас Айдана Андрейқызы

